

Таврия ауылындағы көшелерінің атауын өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Таврия ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 24 қыркүйектегі N 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Ұлан аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 03 қарашада N 5-17-135 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, 1993 жылдың 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының «Әкімшілік аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14 бабының 4 тармағына сәйкес, Таврия ауылындағы Советская, Октябрьская көшелері тұрғындарының пікірін ескере отырып, **ШЕШЕМІН:**

1. Таврия ауылындағы көшелерінің атаулары төмендегідей өзгертілсін:

- 1) Советская көшесі – Төлеген Тохтаров көшесіне;
- 2) Октябрьская көшесі – Қасым Қайсенов көшесіне.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

3. Осы шешімнің орындалуын қадағалауды өз құзырымда қалдырамын.

Әкімнің м.а.

У. Сакешова